



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

20 10 ж. « 22 » маусым жүргізілді

БСН 100140011772

№ 5129-1900-АБ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 16 ж. « 11 » маусым

БСН 100140011772

№ 5129-1900-АБ

Бастапқы тіркелген күні

2010 ж. « 22 » маусым

«Al Hilal» Ислам Банкі»

Акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Дара тұлғалы акционер ретінде
Al Hilal Bank PJSC Директорлар кеңесінің
2016 жылғы «07» сәуір шешімімен бекітілген

Алматы қаласы, 2016 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 «Al Hilal» Ислам Банкі» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Банк») осы Жарғысы оның атауын, орналасқан орнын, қызметінің мақсаты мен тақырыбын, оның органдарының қалыптастырылу тәртібі мен құзыреттерін, оның қайта құрылу және қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқадай ережелерді анықтайды.
- 1.2 Банк атауы:
- Банктің толық атауы:
- Мемлекеттік тілде: «Al Hilal» Ислам Банкі» Акционерлік Қоғамы
- Орыс тілінде: Акционерное Общество «Исламский Банк «Al Hilal»
- Ағылшын тілінде: «Al Hilal» Islamic Bank» Joint Stock Company
- Банктің қысқартылған атауы:
- Мемлекеттік тілде: «Al Hilal» Ислам Банкі» АҚ
- Орыс тілінде: АО «Исламский Банк «Al Hilal»
- Ағылшын тілінде: «Al Hilal» Islamic Bank» JSC
- 1.3 Банктің (Банктің атқарушы органының) орналасу орны: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Аль-Фараби даңғылы, 77/7, тұрғын емес үй-жай, 13а, 14 қабат.
- 1.4 Банктің қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

2. Осы жарғыда қолданылған терминдер түсіндірмесі

- (1) Аффилиирленген Тұлғалар – тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді анықтай алатын және (немесе) бір бірімен (тұлғалардың бірімен) қабылданатын шешімдерге әсер ете алатын, соның ішінде жасалған мәмілеге қатысты, жеке немесе заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттер аясында бақылау және қадағалау қызметтерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан өзге.
- (2) Акционер – Al Hilal Bank PJSC, Абу-Даби, Біріккен Араб Әмірліктері, заңды тұлға, Орналастырылған Акциялардың 100 % жекеменшік иесі.
- (3) Акция – Банк шығаратын жай акция түріндегі және Акционердің Банкті басқаруға қатысу, Банкте таза пайда болған жағдайда дивиденттер және таратылған жағдайда Банк мүлігінің бір бөлігін алу құқығын және АҚ туралы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқадай заңды актілерімен анықталған өзге құқықтарын куәландыратын бағалы қағаз.
- (4) Дивидендтер – Акционердің өзінің иелігіндегі акциялар бойынша Банк төлейтін табысы.
- (5) Лауазымды Тұлға – Директорлар Кеңесінің мүшесі және Басқарма мүшесі.
- (6) АҚ туралы Заң – Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы, барлық өзгертулерімен және толықтыруларымен немесе Қазақстан Республикасының оның орынын басатын басқадай заңды акті.

- (7) Заңдар – Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңды актілері, соның ішінде ислам банктері мен олардың қызметтерін реттейтін заңды актілер, Қазақстан Республикасының басқадай нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттар (келісімдер).
- (8) Құпия ақпарат – Банк жөніндегі, коммерциялық, қызметтік және банк құпиясын құрайтын ақпарат және Банк қызметі жөніндегі, жалпыға жарияланған болып табылмайтын өзгедей ақпарат.
- (9) Корпоративтік WEB-торап – Банктің Интернет желісіндегі ресми электрондық торабы (www.alhilalbank.kz).
- (10) Ірі мәміле:
 - нәтижесінде (нәтижелерінде) Банк құны Банк активтерінің жалпы құнының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті алатын немесе шеттетін (алынуы немесе шеттетілуі мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер топтамасы;
 - нәтижесінде (нәтижелерінде) Банк өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы мүмкін немесе жалпы санынан орналастырылған бағалы қағаздардың бір түрі жалпы саны жиырма бес және одан да көп пайызы болатын, өзі сатып алған Банктің бағалы қағаздары сатылуы мүмкін мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер топтамасы;
- (11) Жарияланған Акциялар – өздерінің шығарылуы Бағалы қағаздар нарығы жөніндегі Заңдарға сәйкес өкілетті органмен тіркелген Акциялар;
- (12) Басқарма - Жарғының 11.1. тармағымен анықталған Банк органы.
- (13) Басқарма төрағасы немесе Бас Атқарушы Тұлға – Басқарма жетекшісі.
- (14) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары – банк қызметі жөніндегі Заңдармен және Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңеспен белгіленген ислам банкінің қызметіне қойылатын талаптар.
- (15) Орналастырылған Акциялар - құрылтайшылармен және инвесторлармен бағалы қағаздардың бастапқы нарығында төленген Акциялар.
- (16) Тіркеуші – Банктің бағалы қағаздарының ұстаушыларының реестрлері жүйесін қалыптастыру, сақтау және жүргізу бойынша кәсіпқой қызметті жүзеге асыратын ұйым.
- (17) Ішкі Аудит Қызметі – Жарғының 11.1. тармағымен анықталған Банк органы.
- (18) Директорлар Кеңесі – Жарғының 11.1. тармағымен анықталған Банк органы.

- (19) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес – Жарғының 11.1. тармағымен анықталған Банк органы.
- (20) Бұқаралық Ақпарат Құралдары – Банк қызметі жөніндегі ақпаратты жариялауға пайдаланылатын кезенді баспа құралдары («Егемен Қазақстан» газеті және (немесе) «Казахстанская правда» газеті) және (немесе) Корпоративтік WEB-торап.
- (21) Өкілетті Орган – Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі өкілетті орган.
- (22) Жарғы – «Al Hilal» Ислам Банкі» акционерлік қоғамының осы жарғысы.
- (23) Хабарламаға арналған бюллетень - Директорлар Кеңесінің қарауына шығарылған мәселе жөніндегі Директорлар Кеңесі мүшесінің дауыс беру дерегін растайтын Директорлар Кеңесі мүшесінің электрондық мекен-жайынан жіберілген сырттай дауыс беру.

3. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 3.1 Банк Заңдарға, Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына, банк қызметінің халықаралық қолданыстағы нормаларына, Жарғыға және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құрылып, қызметін жүзеге асырады.
- 3.2 Банк акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық түріндегі заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, жекеменшігінде жекеленген мүлікті иеленіп, сол мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауапты, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп, жүзеге асыруға, міндеттемелерді атқаруға, сотта даулаушы және жауап беруші болуға құқылы.
- 3.3 Банк ислам банкі болып табылады және Қазақстан Республикасының банк жүйесіне кіреді.
- 3.4 Банктің ресми мәртебесі әділет органдарындағы (тіркеуші органдарындағы) мемлекеттік тіркеумен және Өкілетті Органның банктік және өзгедей операцияларды жүзеге асыруға берген лицензияның (лицензиялардың) болуымен анықталады.
- 3.5 Банк өзінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі толық атауы бар, ұйымдық-құқықтық түрі мен орналасқан орны көрсетілген дөңгелек мөрге ие. Банк өзінің атауы көрсетілген мөртабандар мен бланктерге және үлгілері Банктің атқарушы органымен бекітілетін және белгіленген тәртіпте тіркелетін тауар белгісі мен рәміздеріне ие.
- 3.6 Банк өзінің қызметін Өкілетті Органның банктік және өзгедей операцияларды және бағалы қағаздар нарығында кәсіпқой қызметті жүзеге асыруға берген лицензияның негізінде жүзеге асырады.
- 3.7 Банк өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде жүзеге асыруға құқылы.
- 3.8 Банктің қаржылық-шаруашылық қызметі өзінің мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.
- 3.9 Банк Заңдармен және басқадай қолданыстағы құқықпен анықталатын тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өзінің еншілес кәсіпорындарын, филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

4. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТАҚЫРЫБЫ

- 4.1 Банка мақсаты – Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) одан тыс жерлерде Заңдарға, Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына сәйкес банктік, инвестициялық және коммерциялық қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру және қызметтер көрсету.
- 4.2 Банк пайыз түріндегі сыйақы алуға, инвестициялық депозитті немесе ол бойынша табысты қайтаруды кепілдендіруге, шошқа етін, темекі және алкогольді өнімдерді, қару-жарақ пен оқ-дәрілерді өндірумен және (немесе) сатумен, ойын бизнесімен және Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңеспен қабылданған шешімге сәйкес ислам шариятымен қаржыландыру тыйым салынған басқадай кәсіпкерлік қызмет түрлерін қаржыландыруға (кредиттер беруге) құқылы емес.
- 4.3. Банк қызметінің тақырыбы болып Заңдармен және Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарымен рұқсат етілген барлық қызметтер мен операцияларды жүзеге асыру табылады, соның ішінде:
- барлық қызметтерді көрсету және жеке және заңды тұлғаларды, жеке және мемлекеттік ұйымдарды қаржыландыру және Ислам құралдарының барлық түрлерін шығару;
 - өндірістік, туристік, ауыл шаруашылық қызмет және жылжымайтын мүлікке қатысты қызмет саласындағы барлық жоба түрлерін жүзеге асыру;
 - жобалар бойынша қаржылық, экономикалық консалтинг және талдау бойынша қызметтерді жүзеге асыру;
 - бағалы қағаздардың бастапқы және жеке орналастыруларын жүзеге асыру және бағалы қағаздарды шығарып, орналастыру бойынша эмитенттерге қызметтер көрсету;
 - бағалы қағаздарды сатып алу және сату, брокерлік және дилерлік қызметтер;
 - түрлі қорларды, (яғни, ақшаларды, бағалы қағаздарды және/немесе басқадай мүлікті) соның ішінде, инвестициялық және коммерциялық және жеке тұлғалардың иеліктеріндегі қорларды басқару;
 - заңды тұлғалар мен жобаларды иелену, сатып алу, басқару немесе қызметтеріне қатысу.

Атап айтқанда, Банк операциялардың келесі түрлерін жүзеге асырады:

- 1) жеке және заңды тұлғалардан талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттерді қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;
- 3) банктік заем операциялары: ислам банкінің мерзімділік, қайтарымдылық талаптары бойынша және сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беруі;
- 4) коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыру:
 - тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату туралы шарттарсыз;
 - тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату шарттарымен.
- 5) өндірістік және сауда қызметін заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу арқылы және (немесе) әріптестік шарттарымен қаржыландыру;

- 6) лизинг (жалдау) талаптары бойынша инвестициялық қызмет;
- 7) ислам банкінің банк операцияларын жүргізу кезіндегі агенттік қызмет.

Оған қоса, Банк банктік және Жарғының 4.2. тармағында көрсетілген талаптарды орындай отырып, Заңдармен белгіленген өзгедей операциялардың кейбір түрлерін жүзеге асырады, төмендегілерден өзге:

- 1) факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін жүктене отырып тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын сатып алу;
 - 2) форфейтингтік операциялар (форфейтингтеу): вексельді сатушыға аударусыз тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының қарыз міндеттемелерін төлеу.
- 4.4 Банк қарыздар алуға, өзінің мүлігін кепілдікке қоюға, кепілдікке мүлікті қабылдауға, мүлікті сатып алуға және сондай мүлікке өкімдік жүргізуге құқылы.
- 4.5 Лицензияны немесе Заңдармен белгіленген тәртіпте алынуы тиіс рұқсаттың басқадай түрін қажет ететін қызмет түрлері сәйкес лицензияны немесе рұқсаттың басқадай түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.
- 4.6 Банк Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңеспен Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына сәйкес келмейтін деп таныған банктік және бақадай операцияларды жүзеге асыруға құқылы емес.

5. БАНК ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 5.1 Банк Заңдармен және Жарғымен белгіленген барлық құқықтарды иеленіп, барлық міндеттемелерді орындайды. Банк Акционердің ең жақсы мүдделерінде әрекет етеді.
- 5.2 Банк Акционер мүлігінен жекеленген мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауапты емес. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлігі шегінде жауапты.
- 5.3 Банк мемлекет міндеттемелері бойынша жауапты емес және мемлекет Банк міндеттемелері бойынша жауапты емес.
- 5.4 Банк өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімдер) жасасуға, мүліктік және жек мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді иеленуге, сотта даулаушы және жауап беруші болуға және Заңдармен тыйым салынбаған басқадай әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.
- 5.5 Банк Заңдармен, Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарымен және Жарғымен белгіленген басқадай құқықтарды иеленіп, басқадай міндеттемелерді орындауға құқылы.
- 5.6 Банк клиенттеріне Жарғының 4.3. тармағында көрсетілген банктік және басқадай операциялардың ерекшеліктері мен соларға қатысты тәуекелдерді түсіндіруі тиіс.

6. АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

- 6.1 Акционер Банк міндеттемелері ойынша жауапты емес және Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін Заңдармен белгіленген жағдайлардан өзге жағдайларда өзінің иелігіндегі Акциялар құны шегінде жүктенеді.
- 6.2 Акционер құқылы:

- 1) АҚ туралы Заңымен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) Акционермен немесе Жарғымен белгіленген тәртіпте Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Банктің қаржылық есебімен танысуға;
 - 4) Тіркеушіден немесе номинал ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазбалар алуға;
 - 5) Банк органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
 - 6) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраулар жөнелтуге және осы сұрау Банкке түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңды актілерімен белгіленген жағдайлардан өзге жағдайларда АҚ туралы Заңымен белгіленген тәртіпте Акцияларды сатып алу артықшылық құқығына;
 - 8) Банк таратылған жағдайда оның мүлігінің бір бөлігін алуға;
 - 9) Директорлар Кеңесін шақыртуды талап етуге;
 - 10) Жарғының 12.2(6) тармағына сәйкес анықталатын аудиторлық ұйымға қосымша түрде өз есебінен Банктің басқадай аудитін ұйымдастыруды талап етуге.
- 6.3 Акционердің Жарғымен белгіленген басқа да құқықтары болуы мүмкін.
- 6.4 Акционер міндетті:
- 1) акциялар үшін төлеуге;
 - 2) акцияларды ұстаушылар реестрлері жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергендігі жөнінде Тіркеушіге және Акционер иелігіндегі акциялардың номинал ұстаушысына он күннің ішінде хабарлауға;
 - 3) Құпия Ақпаратты жарияламауға.

7. БАНКТИҢ ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫ

- 7.1 Жарияланған Акциялар саны жөніндегі мәліметтер Акциялар шығарылымы проспектісінде көрсетіледі. Банктің Жарғы капиталы Акционердің және/немесе инвесторлардың Акциялар үшін төлеу жолымен қалыптастырылады.
- 7.2 Банктің Жарғы капиталы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында, акцияларды сату есебінен төленеді.

8. БАНКТИҢ САҚТЫҚ КАПИТАЛЫ

- 8.1 Банк қызметіне қатысты шығындарды өтеу мақсатымен Банк Заңдармен белгіленген ең аз мөлшерден кем емес Сақтық капиталын қалыптастырады.
- 8.2 Банктің Сақтық капиталы Банктің жыл сайынғы таза пайдасынан Орналастырылған Акциялар бойынша дивиденттер төлеуге дейін жыл сайынғы шегерімдер аудару жолымен қалыптастырылады. Жыл сайынғы шегерімдер мөлшері Акционермен анықталады.
- 8.3 Қандай да бір төлемдерді төлеу нәтижесінде Банктің Сақтық капиталы Заңдармен екінші деңгейлі банктердің Сақтық капиталы үшін анықталған ең аз

- мөлшерден аз болатын болса, Банк Сақтық капиталы қажетті деңгейге жеткенше шегерімдерді аударуды қайта бастайды.
- 8.4 Банкте салықтарды, жиындарды және төлемдерді төлеуден кейін қалған табыс Банк иелігіне өтіп, өз ұйғарымы бойынша жұмсалады.
 - 8.5 Банкте салықтарды, жиындарды және төлемдерді төлеуден кейін қалған табыс есебінен Банк міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында және оның қызметін дамыту үшін Банк Акционер шешімі бойынша сәйкес мақсатты қорлар, соның ішінде Банкке қажет немесе Заңдарға сәйкес міндетті болып табылатын қорлар құрылулары мүмкін.
 - 8.6 Банктің Сақтық капиталы мен басқадай қорларының қалыптастырылу және жұмсалуды тәртібі Директорлар Кеңесімен анықталады.

9. АКЦИЯЛАР МЕН ӨЗГЕДЕЙ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

- 9.1 Банк ерекше құқылы акциялардан, облигациялардан немесе қарызды, кепілдендірілген сыйақы мөлшерін немесе құнының пайызы түріндегі сыйақыны төлеуді көздейтін өзгедей бағалы қағаздардан өзге Акцияларды, Сукук (Sukuk) (Заңдармен рұқсат етілген жағдайда) немесе өзгедей бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Банктің Акциялары мен өзгедей бағалы қағаздарын шығару, тіркеу, орналастыру тәртібі Заңдармен және Жарғымен анықталады.
- 9.2 Акциялар атаулы болып табылады және құжатсыз түрде шығарылады.
- 9.3 Банктің Акциялары мен өзгедей бағалы қағаздарын кепілдікке қою Заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.
- 9.4 Кепілдік шартының талаптарымен басқадай анықталған жағдайлардан өзге жағдайларда Акционер өзі кепілдікке қойған Акциялар бойынша дауыс беру және дивиденттер алу құқығына ие.
- 9.5 Банктің бағалы қағаздарының ұстаушыларының реестрін қалыптастыру, жүргізу және сақтау Заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.
- 9.6 Банк өзі орналастырған бағалы қағаздарды Заңдармен анықталған жағдайларда ғана кепілдікке қабылдай алады.

10. ТАЗА ПАЙДАНЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. ДИВИДЕНДТЕР

- 10.1 Банктің таза пайдасы (салықтар мен бюджетке төленуі тиіс басқадай төлемдерді төлегеннен кейін) Акционермен белгіленген тәртіпте бөлінеді, соның ішінде Дивидендтерді төлеуге.
- 10.2 Дивидендтер төлеу жөніндегі шешім Акционермен қабылдану шартымен Дивидендтер ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.
- 10.3 Дивидендтер орналастырылмаған немесе Банктің өзімен қайта сатылып алынған Акциялар бойынша және Заңдармен белгіленген өзге жағдайларда есептелмейді және төленбейді.
- 10.4 Дивидендтердің есептелуіне рұқсат берілмейді:
 - 1) Банктің жеке капиталының теріс мөлшерінде немесе, размер Банктің жеке капиталының мөлшері Дивиденттер есептеу нәтижесінде теріс болатын болса;
 - 2) Банк Заңдарға сәйкес төлеу қабілетсіздігінің сипаттарына сәйкес болса немесе ондай сипаттар Дивиденттер есептеу нәтижесінде пайда болатын

болса.

- 10.5 Акционердің шешімі бойынша Дивидендтер жыл, жарты жылдық немесе тоқсан нәтижелері бойынша төленуі мүмкін.

Акционер сондай шешімді қабылдаған күннен бастап он күн ішінде міндетті түрде Бұқаралық Ақпарат құралдарында жариялай отырып Дивидендтерді төлемеу жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

- 10.6 Дивиденттерді төлеу жөніндегі шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ол шешім Бұқаралық Ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Дивиденттерді төлеу жөніндегі шешім құрамында келесі мәліметтер көрсетілулері тиіс:

- 1) Банк атауы, орналасқан орны, банктік және басқадай деректемелері;
- 2) өзі бойынша Дивидендтер төленіп отырған кезең;
- 3) бір Акцияға шаққандағы Дивиденд мөлшері;
- 4) Дивиденттерді төлей бастау күні;
- 5) Дивиденттерді төлеу тәртібі және түрі.

11. БАНК ОРГАНДАРЫ

- 11.1 Банк Органдары болып табылады:

- 1) Жоғарғы орган – Акционер;
- 2) Басқару органы – Директорлар Кеңесі;
- 3) Тәуелсіз орган – Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес;
- 4) Атқарушы орган – Басқарма;
- 5) Банктің қаржылық-шаруашылық қызметін қадағалаушы орган – Ішкі Аудит Қызметі.

12. АКЦИОНЕР

- 12.1 Заңдармен және Жарғымен Банктің жоғарғы органының құзіретіне жатқызылған барлық шешімдер жеке түрде Акционермен оның атынан Акционердің Директорлар Кеңесі шешімі негізінде әрекет ететін Акционердің уәкілетті лауазымды тұлғаларымен/қызметкерлерімен немесе Акционердің Директорлар Кеңесімен қабылданып, жазбаша рәсімделуі тиіс.

- 12.2 Акционердің ерекше құзіретіне келесідей мәселелер жатқызылады:

- 1) Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) Жарияланған акциялардың санын ұлғайту немесе орналастырылмаған Жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, Директорлар Кеңесінің Төрағасын, Директорлар Кеңесінің Төрағасының орынбасарын және Директорлар Кеңесінің басқадай мүшелерін сайлау (тағайындау) және Директорлар Кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақылардың мөлшері мен талаптарын анықтау;

- 5) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің Төрағасын, Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің Төрағасының орынбасарын және Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің басқадай мүшелерін сайлау (тағайындау) және Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің мүшелеріне төленетін сыйақылардың мөлшері мен талаптарын анықтау;
- 6) Банк аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 7) Жылдық қаржы есебін бекіту;
- 8) Қаржы есеп жылындағы Банктің таза пайдасын бөлу тәртібін бекіту, Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және бір акцияға деген есеппен жыл қорытындылары бойынша дивидендтер мөлшерін бекіту;
- 9) Жарғының 10.4-тармағымен қарастырылған жағдайларда дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 10) Акцияларды ерікті түрде қайта туралы шешім қабылдау;
- 11) Банктің сомасында Банк иелігіндегі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін тапсыру жолымен басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 12) Банк АҚ туралы Заңына сәйкес Акцияларды қайта сатып алу жағдайында олардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгертулерді енгізу (әдістеменің жаңа редакциясын бекіту);
- 13) Акционерге Банк қызметі туралы ақпараттың берілу тәртібін анықтау, соның ішінде Жарғымен анықталмаған жағдайларда, Бұқаралық Ақпарат Құралдарын анықтау;
- 14) Корпоративтік басқару кодексін, сонымен бірге оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту.
- 15) АҚ туралы Заңмен және Жарғымен өздері бойынша шешім қабылдау Акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған өзгедей мәселелер.

12.3 Мәселелерді Акционер қарастыруына қалыптастыру және дайындауды Директорлар Кеңесі жүзеге асырады.

Акционер қарастыруына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар құрамында сол мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдау үшін жеткілікті көлемде болулары тиіс.

Банк органдарын сайлау бойынша материалдар құрамында ұсынылатын кандидаттар туралы келесідей ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі жөніндегі мәліметтер;
- 3) Банкке аффилирленуі жөніндегі мәліметтер;
- 4) соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс орындары мен лауазымдары жөніндегі мәліметтер;
- 5) кандидаттың біліктілігін, жұмыс өтілін растайтын басқадай ақпарат.

Жыл нәтижелері бойынша материалдар:

- 1) Банқтың жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;

- 3) Директорлар Кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай Акциясына шаққандағы жыл ішіндегі Дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) акционердің Банктің және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат.

12.4 Акционер шешімінің құрамында болуы тиіс:

- 1) Банктің атқарушы органының толық атауы мен орналасқан орны;
- 2) шешім қабылдау күні;
- 3) қарастырылған мәселелер және олар бойынша қабылданған шешімдер.

Акционер шешіміне Акционердің Директорлар Кеңесі қолдары қойылады.

Акционер шешімдері Басқармамен сақталуы тиіс.

12.5 Басқадайы Заңдармен белгіленген жағдайлардан өзге жағдайларда өздері бойынша шешім қабылдау Акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне тапсыруға тыйым салынады.

12.6 Акционер Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

13.1 Директорлар Кеңесі өздері бойынша шешім қабылдау АҚ туралы Заңмен және Жарғымен Акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден өзге Банк қызметінің жалпы басқаруын жүзеге асырады. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі әрқашан Банктің ең жақсы мүдделерінде қызмет етуі тиіс.

13.2 Директорлар Кеңесі ерекше құзыретіне келесідей мәселелер жатқызылған:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) Акционер қарастыруына шығарылатын мәселелерді қалыптастыру және дайындау;
- 3) Акционердің алдын ала жазбаша рұқсатымен Акцияларды орналастыру (тарату) туралы шешім қабылдау, соның ішінде Жарияланған Акциялардың саны шегінде оларды орналастыру (тарату) саны, оларды орналастыру (тарату) әдісі және бағасын анықтау туралы;
- 4) Банктің Орналастырылған Акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды қайта сатып алуы, оларды қайта сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есебін және қызмет нәтижелерін алдын ала бекіту;
- 6) Акционерге Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес мүшелерін сайлауға (тағайындауға) қатысты ұсыныстар беру;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Директорлар Кеңесі мүшелерінің (соның ішінде Басқарма Төрағасының) лауазымдық жалақыларының мөлшерлері мен еңбекақысын төлеу және сыйақы төлеу шарттары бойынша ұсыныстар

- беру;
- 9) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес мүшелерінің сыйақыларының мөлшерлері мен төлену шарттары бойынша ұсыныстар беру;
 - 10) Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлері мен еңбекақысын төлеу және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - 11) Банкте ішкі қаржылық есеп іс-барыстарын белгілеу және орындалуын қадағалау, Ішкі Аудит Қызметі жөніндегі ережелерді және Ішкі Аудит Қызметінің жылдық жұмыс жоспарын бекіту;
 - 12) Ішкі Аудит Қызметінің сандық құрамын, өкілеттерінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын аяқтау;
 - 13) Ішкі Аудит Қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі Аудит Қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау, Ішкі Аудит Қызметінің қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту жөніндегі шешімдер қабылдау;
 - 14) аудиторлық ұйымның және бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін белгілеу;
 - 15) Банктің ішкі қызметін реттеуші құжаттарды (Басқарма Банк қызметін реттеу мақсатымен қабылдайтын құжаттардан өзге), соның ішінде Банктің бағалы қағаздарының аукциондары мен жазылуының шарттары мен тәртібін бекітетін ішкі құжатты бекіту;
 - 16) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу жөніндегі шешімдерді қабылдау және олар жөніндегі ережелерді бекіту;
 - 17) Банктің сомасында Банк иелігіндегі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін тапсыру жолымен басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 18) Банктің басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғы капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы жөнінде шешім қабылдау;
 - 19) Банк акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызына иелік ететін заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 20) бұрынғы Тіркеушімен жасалған шарт бұзылған жағдайда жаңа Тіркеушіні таңдау;
 - 21) Құпия Ақпаратты анықтау;
 - 22) Ірі Мәмілелерді және жасалуына Банк қызығушылық танытатын мәмілелерді жасасу жөнінде шешімдер қабылдау;
 - 23) Банк міндеттемелерін Банктің жеке капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға ұлғайту жөнінде шешімдер қабылдау;
 - 24) Банктің жылдық бюджеті мен бизнес-жоспарын бекіту;
 - 25) Банк қызметкерлері штатын (жалпы санын) бекіту;
 - 26) Директорлар Кеңесінің қандай да бір комитетін немесе өзгедей органын құру және құрамын анықтау және оның қызметі мен өкілеттер аясын белгілеу;

- 27) Банктің Сақтық капиталы мен өзгедей қорларын құру және жұмсау тәртібін анықтау;
- 28) АҚ туралы Заңмен және Жарғымен анықталған, Акционердің ерекше құзіретіне жатқызылмаған өзгедей мәселелер.
- 13.3 Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешу Басқарма шешуіне тапсырыла алмайды.
- 13.4 Директорлар Кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарма құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер және Акционермен және Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңеспен қабылданған шешімдерге қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.
- 13.5 Директорлар Кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлға бола алады.
Басқарма Төрағасынан өзге Басқарма мүшелері Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар Кеңесінің Төрағасы етіп сайлана алмайды.
- 13.6 Директорлар Кеңесінің мүшелер саны кем дегенде үш адамды құрауы тиіс.
- 13.7 Басқадайы Заңдармен немесе Жарғымен белгіленген жағдайлардан өзге жағдайларда Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген мәрте қайта сайлана алады.
- 13.8 Директорлар Кеңесінің өкілеттер мерзімі үш жылды құрайды.
- 13.9 Акционер Директорлар Кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің, соның ішінде Директорлар Кеңесінің Төрағасының өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 13.10 Директорлар Кеңесінің жеке мүшесінің өкілеттілігін өз талабы бойынша мерзімінен бұрын аяқтау Директорлар Кеңесіне жазбаша түрде хабарлау негізінде жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесінің сондай мүшесінің өкілеттілігі аталмыш хабар Директорлар Кеңесіне келіп түсу мезетінде аяқталады.
- 13.11 Директорлар Кеңесінің Төрағасы Заңдармен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:
- 1) Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Директорлар Кеңесінің отырыстарын жүргізеді;
 - 3) Директорлар Кеңесінің отырыстарын шақыртып, оларда төрағалық етеді;
 - 4) Банк атынан Басқарма Төрағасымен жеке еңбек шартын жасасады;
 - 5) Банк атынан аудиторлық ұйымдармен жыл сайынғы аудитті өткізуге шарттар жасасады;
 - 6) Ішкі Аудит Қызметінің басшысын тағайындау және лауазымынан босатуға алдын ала келісімін береді;
 - 7) Ішкі Аудит Қызметі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқауларын бекітеді.
- 13.12 Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар Кеңесінің Төрағасының орынбасары немесе Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша, Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.
- 13.13 Директорлар Кеңесінің отырысы Төрағасының немесе Басқарма Төрағасының бастамасымен немесе төмендегілердің талабы бойынша шақыртылады:
- 1) Акционердің;
 - 2) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;

- 3) Ішкі Аудит Қызметінің;
 - 4) Банктің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның.
- 13.14 Директорлар кеңесінің отырысын шақырту жөніндегі талап Директорлар кеңесінің төрағасына құрамында Директорлар кеңесінің отырысының болжамды күн тәртібі бар жазбаша хабар жіберу жолымен тапсырылады.
- Директорлар Кеңесінің Төрағасы отырысты шақыртудан бас тарту жағдайында аталмыш талапты Директорлар Кеңесінің отырысын шақырту тиіс Басқармаға тапсыруға құқылы.
- Директорлар Кеңесінің отырыстары Директорлар Кеңесінің төрағасымен немесе атқарушы органмен өзгедей мерзім Жарғымен анықталған жағдайлардан өзге жағдайларда шақырту жөніндегі талап келіп түскен күннен бастап он күннен асырмай шақыртылуы тиіс. Директорлар Кеңесінің отырысы аталмыш талап қойған тұлғаны міндетті түрде шақырта отырып өткізіледі.
- 13.15 Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама құрамында отырыстың өткізілу күні, уақыты және орны жөніндегі мәліметтер және күн тәртібі болуы тиіс.
- Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік бір күн бұрын беріледі.
- Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (осы Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.
- 13.16 Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі Банк Басқармасын өзінің Директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы жөнінде алдын ала хабардар етуі тиіс.
- 13.17 Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін қажетті кворум Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының кем дегенде жартысын құрайды.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жетпеген жағдайларда, Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционер алдында Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау жөніндегі мәселені көтеруі тиіс.
- 13.18 Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Заңдармен басқадайы анықталған жағдайлардан өзге жағдайларда, Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Директорлар Кеңесінің Төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші күшке ие.
- 13.19 Директорлар Кеңесі өзіне тек Директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатысатын өзінің жабық отырысын өткізу жөніндегі шешім қабылдауға құқылы.
- 13.20 Директорлар Кеңесінің Төрағасының ұйғарымы бойынша, Директорлар Кеңесінің отырысының қарастыруына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау сырттай дауыс беру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда отырыс күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру мақсатымен бюллетеньдер қолданылады. Сырттай дауыс беру жолымен шешім белгіленген күн тәртібі мәселелері бойынша Директорлар Кеңесінің мүшелеріне

жіберілген материалдар күнінен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде қабылданған бюллетеньдер бойынша кворум қамтамасыз етілген жағдайда қабылданған деп танылады.

Директорлар Кеңесінің Мүшесі, сырттай дауыс беруге арналған дауыс беру нұсқасын көрсете отырып, Бюллетеньді жіберуге міндетті.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілген Директорлар Кеңесі отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі тиіс және Төрағасы мен Директорлар Кеңесі Хатшысының қолдары қойылу керек. Осы шешім осылардың негізінде қабылданған Бюллетеньдерінің көшірмелерін қоса, Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде ол Директорлар Кеңесінің Мүшелеріне жіберілуі керек.

13.21 Директорлар Кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Басқарма органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар Кеңесінің әр мүшесінің Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

13.22 Директорлар Кеңесінің отырыстарының хаттамалары мен Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің хатшысында, Банк мұрағатында сақталады.

Директорлар Кеңесімен тұрақты негізде сайланатын Директорлар Кеңесінің Хатшысы Директорлар Кеңесінің мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасы мен шешімдерін беруге және (немесе) хаттамадан Директорлар Кеңесінің Хатшысының қолтаңбасымен және Банк мөрінің бедерімен расталған үзінді көшірмелерін беруі тиіс.

13.23. Директорлар Кеңесі:

- 1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды Лауазымды Тұлғалар мен Акционер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;
- 2) Банктағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

14. ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҰСТАНЫМДАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

14.1 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің қызмет мақсаты болып Банк қызметінің, операцияларының және мәмілелерінің Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына сәйкестігін анықтау табылады.

14.2 Жарғының 14.1.тармағында анықталған міндеттерді орындау мақсатымен, Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес Акционермен

Директорлар Кеңесінің ұсынысы бойынша тағайындалатын тәуелсіз орган ретінде әрекет етеді.

14.3 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің күзіретіне жатқызылған мәселелер:

- 1) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарын анықтау;
- 2) Банк қызметінің, операцияларының және мәмілелерінің Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына сәйкестігін анықтау;
- 3) Банктің операцияларды өткізу жөніндегі жалпы Ережелер және Банктің ішкі кредиттік саясаты жөніндегі Ережелер бойынша қорытынды беру. Директорлар Кеңесі бұл құжаттарды Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің оң қорытындысынсыз бекітуге құқылы емес;
- 4) Банк шарттарының Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына сәйкестігін анықтау, әсіресе, Заңдармен белгіленген жағдайларда;
- 5) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейтін және отырыстарының өткізілу мәселелерін реттейтін ережені бекіту;
- 6) Директорлар Кеңесіне Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарының және Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен Банк қызметін қадағалау және бақылау мәселелері бойынша кеңестер беру;
- 7) Акционерге өзі қарастырған мәселелердің және Банк қызметі, операциялары және мәмілелері жөніндегі қорытындысының қысқаша сипаттамасы бар жылдық есепті дайындап, тапсыру.
- 8) Заңдармен және Жарғымен белгіленген өзгедей мәселелер.

14.4 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес құқылы:

- кез келген уақытта Банктің барлық кітаптарымен, реестрлерімен және құжаттарымен танысуға;
- Банктің органдарынан, Лауазымды Тұлғаларынан және қызметкерлерінен қажет деп санаған кез келген мәліметтерді талап етуге;
- Банктің активтері мен міндеттемелерін тексеруге.

14.5 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес жасалып отырған мәмілені Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына сәйкес келмейтін деп таныған жағдайда ондай мәміле жасалып, орындала алмайды.

Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес жасалған, бірақ орындалмаған немесе ішінара орындалған мәмілені Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына сәйкес келмейтін деп таныған жағдайда ондай мәміле Заңдармен белгіленген тәртіпте мерзімінен бұрын бұзылады.

Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес жасалған, бірақ орындалмаған немесе ішінара орындалған мәмілені Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдарына сәйкес келмейтін деп таныған жағдайда Банктің ондай мәміле бойынша тапқан пайдасы қайырымдылық мақсаттарда жұмсалуды тиіс.

14.6 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің мүшелер саны кем дегенде үш адамды құрауы тиіс.

14.7 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің мүшесі бола алады:

- 1) ересек және толық қабілетті адам, мұсылман;
 - 2) ислам құқықтарында маманданған ғалым, пікірін ислам ұстанымдары негізінде білдіре алатындай біліктілігі бар; және
 - 3) коммерциялық немесе қаржылық құқық немесе ислам экономикалық жүйелері немесе ислам банктері қызметінің ережелері мен ұстанымдары саласында жан жақты терең білімі бар адам.
- 14.8 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген мәрте қайта сайлана алады.
- 14.9 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің өкілеттер мерзімі Акционермен басқадайы белгіленген жағдайлардан өзге жағдайларда үш жылды құрайды.
- 14.10 Акционер Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын аяқтауға құқылы.
- 14.11 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің жеке мүшесінің өкілеттілігін өз талабы бойынша мерзімінен бұрын аяқтау Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі кеңесіне жазбаша түрде хабарлау негізінде жүзеге асырылады. Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің ондай өкілеттілігі аталмыш хабар мүшесінің Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңесіне келіп түсу мезетінде аяқталады.
- 14.12 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес Төрағасы:
- 1) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің отырыстарын жүргізеді;
 - 3) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің отырыстарын шақыртып, оларда төрағалық етеді.
- 14.13 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің Төрағасы болмағанда оның функцияларын Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің шешімі бойынша Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің мүшелерінің бірі атқарады.
- 14.14 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің отырысы Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес Төрағасының, Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Басқарма Төрағасының немесе төмендегілердің бастауымен шақыртыла алады:
- 1) Акционердің;
 - 2) Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің кез келген мүшесінің.
- 14.15 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің отырысын өткізу үшін қажетті кворум Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес мүшелерінің жалпы санының жай көпшілігімен құралады.
- 14.16 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Заңдармен басқадайы анықталған жағдайлардан өзге жағдайларда, Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің шешімдері отырысқа қатысып отырған Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің Төрағасының немесе Исламдық

Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші күшке ие

- 14.17 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің шешімдеріне отырыста төрағалық етуші тұлға, отырысқа қатысқан Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің мүшелері қолдарын қояды.
- 14.18 Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңес Исламдық Қаржыландыру Ұстанымдары жөніндегі Кеңестің отырыстарының өткізілуінің және шешімдерінің қабылдануының басқадай тәртібін белгілеуге құқылы.
